

Электр энергиясының өшуіне байланысты ҚМГ кәсіпорындарының жұмысы жартылай не толық тоқтады

2023 жылы 3 шілдеде сағат 18:25-те (Астана қ. уақыты бойынша) сыртқы желіден келетін электр энергиясының өшуіне байланысты Атырау мұнай өңдеу зауыты жұмысын тоқтатты. Технологиялық регламентке сәйкес апатты жағдайдың алдын алу мақсатында электр энергиясының сыртқы желілерін толық қалпына келтіргенге дейін зауыттың отын желісі факелге жіберілді.

АМӨЗ бұл жағдайға қарамастан, жинақталған қор есебінен мұнай өнімдерін жөнелтуді жалғастырып жатыр. Бүгінгі таңда зауыт резервуарларында 26 мың тонна автобензин, 34 мың тонна дизель отыны, 1500 тонна сұйытылған мұнай газы, 6 мың тонна авиакеросин бар. Бұл көлем өнімді жеті күн бойы тұрақты жөнелтіп отыруға жеткілікті.

АМӨЗ басшылығының айтуынша, электр қуаты тұрақты беріле бастаған сәттен зауыттың технологиялық қондырғылары қалыпты жұмыс режиміне біртіндеп көшті. Апта соңына дейін кәсіпорын мұнай өнімдерін бұрынғы көлемде шығара бастайды деп жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, МАЭК-тің 1-ші энергия блогындағы апат салдарынан «KUS» ЖШС-нің газ-турбиналы электр стансасында генерациялық қондырғылар апатты жағдайда тоқтады. Мұның салдарынан «KPI Inc.» ЖШС-де электр энергиясы толық өшкенін хабарлаймыз.

Маңғыстау атом энергетикалық комбинатында (МАЭК) энергия блогының ажыратылуына байланысты Маңғыстау және Атырау облыстарындағы «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарында мұнай өндіру жұмысы жартылай және толық тоқтатылды.

Электр қуаты берілгеніне қарай кәсіпорындар жұмысы біртіндеп қалпына келе бастады.

Байланыс деректері:**Акционерлермен және инвесторлармен байланыс:**ir@kmg.kz

тел: +7 7172 78 64 34

Бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс:press@kmg.kz

тел: +7 (7172) 78 91 49, +7 (7172) 78 91 81

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ туралы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ) – Қазақстанның вертикалды интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтер көрсетуге дейінгі бүкіл өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүддесін қорғайды.